



Орт сөндіруші кутқарушы жұмысы – ең абыройлы мамандықтардың бірі, себебі көп орын алатын төтенше жағдайларға және табиғи немесе техногенді факторларға төтеп беру үшін кәсіби мамандар қажет, олар кез келген уақытта адамдарды кутқаруға дайын болулары тиіс. Орт сөндіруші жұмысын отбасылық мамандыққа айналғанын жиі кездестіре бермейміз. Әкесінің, атасының, ағаларының, әпкелерінің, батылдығы мен батырлығын көріп, жас ұрпақ үлгі алып, кутқарушы мамандығын жалғастыруға ұмтылады.

Астаналық орт сөндіру қызметінде отыздан астам орт сөндірушілер әулеті қызмет етеді. Олардың бірі - Отешевтер мен Дауылбаевтар ағайындылары.

Отешевтер әулеті – ағайынды Нұрлан мен Нұрлыбек – орт сөндіру қызметіне келгендеріне тоғыз жылдың жүйсі болған. Бірінші болып қызметке үлкен ағасы – Нұрлан келеді, ол 2007-ші жылдан бастап жұмыс істейді, азаматтық қорғаныс аға сержанты. 2015 жылға дейін ол 2-МОСБ-де жұмыс істеп, содан соң маңызды нысандарды күзететін арнайы жасаққа ауысады. Оның кіші інісі Нұрлыбек орт сөндіру қызметіне әскерден кейін, жеке меншік мекемеде бірнеше жыл жұмыс істегеннен кейін келеді. Ағасының жолын қуған Нұрлыбек кателеспейді: кутқарушы мамандығы оны толықтай баурап алады. Қазіргі уақытта Нұрлыбек Санкт-Петербург қаласындағы Ресей ТЖМ-нің мемлекеттік орт сөндіру университетінде білім алып жатыр және жақын арада офицер шенін алады. «Мен орт сөндіруші мамандығын тандағанымда өте қуаныштымын, ешқашан өкінген емеспін. Ал осы мамандықты тандауымна үлес қосқан ағама өз алғысымды білдіремін», - дейді азаматтық қорғаныс сержанты Нұрлыбек Отешев.

Егіз ағайынды Дауылбаевтар – Ербол және Нұрбол. Олар өмір бойы бірге. Орт сөндіру қызметіне әскери борыштарын өтеп келген соң 2007 жылы келген. Олар келешктерін құқық қорғау органдарымен байланыстырғысы келген. Астаналық орт сөндіру болімдеріне қызметкерлер қабылданып жатқанын білген жігіттер, бірден құжаттарын жинап, іріктеуге қатысады. Жұмысқа қабылданғаннан кейін ағайындылар 2-мамандандырылған орт сөндіру боліміне жұмыс істейді. Ал, 2013 жылы Ербол Бірінғай кезекші-диспетчерлік қызметіне ауысады. Бүгінгі күні ол - Кокшетаулық техникалық институтының курсанты. Ағайынды Дауылбаевтар өздерінің өмірге деген ерекше қозғарастарымен, еңбекқорлықтарымен және өмірлік ұстанымдарымен ерекшеленеді. Департаменттің спорттық өміріне белсенді қатысады. Орт сөндіру қызметіне орын алған алғашқы оқиғасымен Ербол былайша болісті: «Бұл жағдай 2011 жылы болған еді. Жеке тұрғын үй жанған еді. Отқа оранған үйге кіреберісте ер адамның жатқанын бірден байқадым. Әріптестерімізбен ер адамды бірден сыртқа шығардық, дәрігерлерге тапсырдық. Кейін ол адамды уақытылы шығарып үлгерінімзді білдік. Алғашқы жылдары ірі орттерді ауыздықтауға жиі шыққанбыз. Дегенмен, тәжірибеміз аз болғандықтан көбінесе әріптестерімізге көмектесіп жүрдік. Біздің басты мақсатымыз – адам өмірін құтқару ғой. Ал бұл оңай жұмыс емес. Болім басшылығы, құтқарушылардың барлығы дерлік қауіпсіздік ережелерін жақсы білулері шарт. Себебі қандай жағдай болмасын біз өзіміз де аман қалуымыз керек. Бүгінгі күні біз шындалған маманбыз деп айта аламын. Кез-келген тотенше жағдайды жоюға бар құш-жігерімізді сала аламыз. Біз жұмыстан қорықпаймыз. Біз Арқалық қаласының тумасымыз, көп балалы отбасыдан шыққанбыз. Негізі отбасымызда алты бала болған, қазір әпкеміз бен кіші ініміз, қарындасымыз бар. Барлығымыз дерлік мемлекеттік қызметтеміз: інімі – полицияда, қарындасым – дәрігер. Мамандығымды дәл таптым деп ойлаймын. Ағам екеуіміз жеткен жетістіктерге қуаныштымын. Суреттеріміз құрмет тақтасында болған, менікі – Астана қаласы ТЖ Департаментінде, ал ағамдікі – Астана қаласы «ОҚ және АҚЖ» ММ-де. Біздің жұмысымыз басшылық тарапынан бағаланса, бізге бұл алға ұмытылуға тағы да шабыт береді. Алар жетістіктеріміз әлі де алды деп ойлаймын».



Астана қаласы ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметі» ММ